

Қазақстан Республикасының Мысыр Араб Республикасындағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 маусым 1993 ж. N 508

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мысыр Араб Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 1181 U931181_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны еңбекақының 250068 АҚШ доллары сомасындағы жылдық қоры бар 23,5 адам мөлшерінде бекітілсін.

2. Мысыр Араб Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысы 1400 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Мысырдағы Қазақстан Республикасы Елшісінің шетелдік валютамен берілетін жалақысына қарай штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.

3. Мысыр Араб Республикасымен қатынастың айрықша маңыздылығын, жұмыстың күрделілігі мен көлемділігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысына оған шетел валютасымен берілетін жалақының 20 проценті мөлшерінде үстеме белгіленсін.

4. Елшіліктің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге еңбекақы қорының 2,5 проценті мөлшерінде АҚШ долларымен аударым жасау белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсатқа 1993 жылғы республикалық бюджет пен Республикалық валюта қорында көзделген қажетті қаражатты бөлуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі